

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қаңтар N 82.

Тауарлардың рұқсат етілмеген қайта экспортталуының жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тауарларды қайта экспорттаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1003 Р951003_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 25, 291-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде:

"келісімге" деген сөзден кейін ("бұдан әрі - Келісім") деген сөздермен толықтырылсын.

"Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақта:

"Өнеркәсіп" деген сөз "Энергетика, индустрия" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кеден" деген сөздің алдынан "Мемлекеттік кіріс министрлігінің" деген сөздермен толықтырылсын.

3) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір ай мерзімде Келісімге қатысушылармен тиісінше ресімделген жазбаша рұқсат болған кезінде қайта экспорттау жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімдерін, сондай-ақ тауарлардың шыққан елдерінің уәкілетті ведомстволары рұқсаттарының, лауазымды тұлғалары қолдарының және мөрлерінің үлгілерін алмассын."

4) көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Өнеркәсіп және сауда министрлігі", "Өнеркәсіп және сауда министрлігінің" деген сөздер "Энергетика, индустрия және сауда министрлігі", "Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1.3-тармақтың бесінші абзацындағы "ТМД елдеріне Қазақстан Республикасындағы ең төменгі еңбекақы мөлшерінің он есесі, алыстағы шет елдерге - он үш есебі көлемінде алым" деген сөздер "ақы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1.6-тармақтың үшінші абзацындағы "алым" деген сөз "ақы" деген сөзбен ауыстырылсын;

1.7-тармақтың төртінші абзацындағы "мемлекеттік" деген сөз "республикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2.1.-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.1.-1. Тауарлардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағынан Кеден одағының қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің кедендік аумағына Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы қайта экспорты тауардың шыққан елінің уәкілетті ведомствосы берген, тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезінде жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,

бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп уәкілетті органның тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағынан қайта экспортына рұқсатты ресімдегені және бергені үшін негізделген ақыны бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.